Ал мен бұған дейін ұлттық университетті арқтап, Алматыда ішкі істер министрлігіне қарасты «На страже-Сақшы», Қызылорда қалалық «Ақмөшті ақшамы» газетінде тілші болған едім. Білім беру саласы және ғылым жолында да қазақ журналистикасының корифейлері Тауған Амандосов, Марат Барманқұлов, Әбілғайып Ыдырысов, Намазалы Омашев, Бауыржан Жақиптай ғалымдардан дәріс алғанымыз көп көмегін тигізді.

Сыр өліндегі білімнің қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті сексен бес жылдық мерейлі мерекесін тойлауда. Осы жылдар бедерінде көкжиегін кеңейтіп, мәртебесін биіктеткен білім ошағының жетістіктері жетерлік. Соның айқын дәлелі ретінде жақында ғана Азия елдері жоғары оқу орындарының QS Asia 2023 рейтинг нәтижесі бойынша үздік жоғары оқу орындарының қатарынан табылғанын айтар едік. Халықаралық рейтингте жоғары көрсеткішке қол жеткізу университет басшылығының ұжыммен бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесі деп білеміз.



соңғылары аймағымыздағы журналистика қазанында қайнауда. Қуанарлығы — оқу орнын бітірген шәкірттеріміз қазіргі күні еліміздің түпкір-түпкірінде «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар таратып» жүр.

Көптеген алыс жерлерден, жылдам хабар таратып жүрген олардың газет-журнал, телевизия саласында айтарлықтай орны бар. Қазақстан халқы тікелей эфирде әлем жаңалықтарымен таныстырып, халықаралық жағдайға шолу жасап жүрген түлектеріміз университетіміздің мақтаныштары. Олар шет тілінде өзгелермен тең дәрежеде өркін сөйлейді. Заманауи технологиямен ақпарат беру тәсілдерін меңгерген. Айталық, Ғалымжан Бәйімбет — «Хабар24» телеарнасының Лондондағы меншікті тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ал, Нұрбек Әмиш «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелде білімін жетілдіріп келді. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін баспасөз хатшысы. Демек, Сыр бойының «жұрғағы» алды шетелдерде беделді қызмет істейтін журналистерді тәрбиелеп шығаруда да бәсекеге қабілетті.

Сондай-ақ Президенттік шәкіртіміз оқытқан, Ғалымжан Бәйімбет — «Хабар24» телеарнасының Лондондағы меншікті тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ал, Нұрбек Әмиш «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелде білімін жетілдіріп келді. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін баспасөз хатшысы. Демек, Сыр бойының «жұрғағы» алды шетелдерде беделді қызмет істейтін журналистерді тәрбиелеп шығаруда да бәсекеге қабілетті.

Сондай-ақ Президенттік шәкіртіміз оқытқан, Ғалымжан Бәйімбет — «Хабар24» телеарнасының Лондондағы меншікті тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ал, Нұрбек Әмиш «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелде білімін жетілдіріп келді. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін баспасөз хатшысы. Демек, Сыр бойының «жұрғағы» алды шетелдерде беделді қызмет істейтін журналистерді тәрбиелеп шығаруда да бәсекеге қабілетті.

Сондай-ақ Президенттік шәкіртіміз оқытқан, Ғалымжан Бәйімбет — «Хабар24» телеарнасының Лондондағы меншікті тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ал, Нұрбек Әмиш «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелде білімін жетілдіріп келді. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін баспасөз хатшысы. Демек, Сыр бойының «жұрғағы» алды шетелдерде беделді қызмет істейтін журналистерді тәрбиелеп шығаруда да бәсекеге қабілетті.

Сондай-ақ Президенттік шәкіртіміз оқытқан, Ғалымжан Бәйімбет — «Хабар24» телеарнасының Лондондағы меншікті тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ал, Нұрбек Әмиш «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелде білімін жетілдіріп келді. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін баспасөз хатшысы. Демек, Сыр бойының «жұрғағы» алды шетелдерде беделді қызмет істейтін журналистерді тәрбиелеп шығаруда да бәсекеге қабілетті.

ЖАСТАР СЛЕТІ ӨТТІ




Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен Байқоңыр қаласында «Жұлдызды қала» облыстық жастар слеті өтті.

Слетке Қызылорда, Байқоңыр қаласының және барлық аудан жастары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бөлім басшысы Гүлсара Әбдіқадірқызы, Байқоңыр қаласының мәдениет, жастар саясаты, туризм және спорт басқармасының басшысы Жанар Ким қатысты.

Слет аясында жастар саясаты бағытындағы арнайы секциялық жұмыстар жүргізіліп, тәжірибе алмасу болды. Аймақ жастарының қатысуымен слеттің пленарлы отырысы өткізіліп, Байқоңыр қаласының белсенді жастары алғыс хатпен марапатталды.

Сонымен қатар шараға жиналған жастар ғарыш айлағымен, айлақ мұражайымен және «Будуше Байқоңура» атауымен таныс жастар орталығының жұмыстарымен танысты.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ҚОЛДАУ



«QazInnovation» АҚ еліміздегі жас кәсіпкерлердің инновациялық жобаларын қолдау мақсатында қайтарымсыз грантқа өтінім қабылдайды. Ол электрондық өндіру, жасыл және қаржылық технологиялар, робототехника, IT салаларына бағытталған. Бұл жөнінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің кәсіпкерлік орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев хабарлады.

Алғашқысы — технологиялық коммерцияландыру бойынша 20 млн теңгеге дейінгі қаржыландыру гранты. Жеке кәсіпорны жобаның мөлшеріне сай өзінің атынан 10 пайыз қаржы салу керек. Жобаны іске асыру мерзімі — 6 ай. Екінші жоба — жұмыс істейтін кәсіпорындардың IT технологияларды енгізуге арналған гранттық бағдарламасы. Жобаны қаржыландыру мөлшері — 100 млн теңге және 36 ай мерзімде толық іске қосылуы шарт. Келесі грант жалпы технологиялық құрал-жабдықтарды алуға бағытталған 400 млн теңгелік бағдарлама. Мұнда жеке қаржыландыру мөлшері келісім шарт бойынша 30 пайыз, ал құрал-жабдықтарды алуға 50 пайыздан төмен болмауы қажет. Соңғы гранттық жоба — кластерлердің технологиялық дамуына арналған 800 млн теңгелік бағдарлама. Жобаға жеке қаражат ретінде 20 пайыз қаржы салу керек. Жалпы әр жоба өз мерзіміне сай орындалады, — дейді Жанарыс Түбекбаев.

ІШКІ ТАЛДАУ МАҢЫЗДЫ



Еліміз егемендігін алған сәттен бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын нақтылап, бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналып келеді. Соған сай елімізге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген. Десек те елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылысқа немқұрайлы қарайтынымыз бар.

Бұл ретте Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаментінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алуға арналған шаралар атқарылды. Жыл сайын құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу мәселелері бойынша құқықтық оқытулар өтуде.

Сонымен қатар департамент қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен танысып, жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытына ішкі талдау жүргізді. Мұндай талдау елдегі барлық қызметкерлерге қажет деп есептеймін. Өйткені келенсіз құбылысты тоқтатудың барлық амалдары қолдану арқылы ғана жемқорлыққа қарсы тұруға болады.

Ақция ШЕРАЛИЕВА, Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаментінің бөлім басшысы

Зухра ЕРМАҒАНБЕТОВА, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Жедел топ сыртқа шыққанда, кәсіпкердің інісі қарсы жолықты. Бағанағыдай емес, үстіне жеңіл былғары күрте мен спорттық шалбар киіпті. Тоқтарды көре салып, қалбалақтай қарсы жүрген жігіт үйіне дейін жеткізіп салуды ұсынған. – Іс қалай жүріп жатыр? – деді әуелі. Тоқтардан мардымды жауап болмаған соң: – Ағамды ойлап анам қатты ауырып қалды. Бүгіндікке екі рет «жедел

да оңалып кетуі мүмкін. Оның үстіне қойыс полигоннда қылмыскерлерді көрген баланы таптық. Бүгін кеш болып кеткен соң, интернатқа бармадық. Ертең Вованы алдырып, киәлілерді анықтайтын боламыз, – деді үміттенде сөйлеп. Олег таңданғанын жасыра алмады. – Кішкентай бала бәрін көрген екен ғой. Енді жасирмай айтса болғаны...

Тоқтарды үйіне дейін жеткізген жігіттің одан кейінгі әңгімесі жеке бизнесіне, анасына қарай ойысты...

* * *

Кешегі жиын Жанатты шабыттандырып тастады. Әсіресе, екі әріптің аузы аңқып, өзіне тәне қараған түрі көз алдына келсе, ерісіз күле берді. «Мына «новичок» бізді қапы қалдырды» деген шығар-ау. Шіркін, бүгін Вованы тауып, қылмыскерлерді тезірек қолға түсірсе ғой, керемет болар еді. Жұмысқа қабылдарда жылы қабақ таңыппаған Жетен Естайұлына өзінің мытылығын дәлелдеуде таптырмас мүмкіндік. Таңертең интернатқа шықпақ болған жас полицейді департаменттен түскен қоңырау тағы тоқтатты. – 8.40-та бүкіл жедел бөлім генералдың қабылдауында боласыздар! Бірден департаментке келу керек! Кешікпеңіздер! – дегенді телефонның ар жағындағы қатқыл дауыс нығарлап айтты. Ал Вованы қайтпек? Бөлкім, Жетен Естайұлына ескертсе, жиналыстан босатар... Бірден бастығына қоңырау шалып еді: – Жанат, бұл істің генералдың бақылауында екенін айттым ғой. Ол кісі ұзақ ұстай қоймас. Өрі кетсе 10-15 минут... Қай бағытта жұмыс жүргізіп жатқанымызды білген соң босатады, – деп көңілін су сепкендей басып тастады. Әншейінде генерал тек басшыларды ғана қабылдайтын еді. Бұл жолы не бол қалғаны?... Жанаттың бастықтың қабылдауына екінші рет келуі. Бірінші жолы – анасы екеуін есіктен ашып қабылдаған генерал қызмет барысында қаза болған әкесінің ерлік медалін мұның өңіріне өз қолымен қадаған еді. Одан бері де алты жыл зымырап өтіпті. Ал бүгін кіретін кабинет сол баяғы болғанымен, генерал бөлек. Ол тұста департаментті басқарған Сырымбет Оспанов қазір құрметті демалыста. Жаңа басшының қабылдауын біраз тосқан жедел бөлімнің кіргенінен шыққаны тез болды. Сөйлеген тек Жетен Естайұлы ғана. Оның есебін тыңдаған соң: «Қылмыскерлерді тезірек табыңыздар! Мен сіздерге сенемін!» – деген генерал көзінің

астынан сынай қарап шығарып салды. Сол бір ауыз сөзді телефоннан ести салса да болмас па еді? Бастықты шақырып алып білсе де, тақиясына тар келмес еді. Таң атпай тұтас бөлімді жинағанын қарамайсың ба? Іштей қынжылған Жанат бастықтың рұқсатымен интернетті бетке алған. Интернет дегені қала шетіндегі екі қабатты шағын ғимарат екен. Ғимараттың өзі кіші болғанымен, орналасқан аймағы кең. Қоршаудың ішінде футбол, волейбол ойнайтын алаңдар, жаттығатын орындар арнайы жасалыпты. Спортпен шұғылданамын дегенге көдері жоқ. Вовадан қаңғыбастардың жиі қашуына қарағанда спортқа қыры болмай тұр. Әйтпесе, мынадай алаңда асыр салып жүрудің орнына не үшін қоқыс жағалайды? Интернеттің ішіне кірген Жанат алдымен директордың кабинетін іздеді. Мұның сауалын естіген соң: – Біздің қаңғыбас баланы бәріңіз неге іздеп қалдыңыздар? – деді орта жастан асқан әдемі әйел әнтек жыммып. – Бәрі дегеніңіз қалай? Менен басқа сұрағандар болды ма? – Иә, түнде де Вованы арнайы хабарға шақырып жүрміз деп біреулер есік қаққан екен. Қанша қиылса да күзетші баланың мекен-жайын тауып бермеген. Түні ішінде қайдан тапсын? Ал Вова күндіз маған арнайы келіп, атасының үйіне сұранып кеткен болатын. Ақтоғай деген ауылды билетін шығарсыз. Қаладан 30 шақырымдай жерде. Вова сонда. Міне, үйдің номерін жазып алыңыз! Интернет директоры сол сөйлеген қалпында Жанатты есіктің аузына дейін шығарып салды. Мұның «Қандай журналист? Қай хабарға түсірмекші екен?» деген сауалына директор да, күзетші де ашып жауап бере алмады. Бір қуанарлығы, директордың кабинетінде де, интернеттің кіре берісі мен ұзын залда да бірнеше бейнекамера бар екен...

* * *

Қаңғыбас баланы кімнің іздеуі мүмкін? Жанатты жол бойы мазалаған сұрақ осы. Отыз шақырым жолды лезде тауысқан жеңіл көлік межелі жерге жеткенде сыртта тұрған бір топ адамды көзі шалды. Мынау хабар түсіретін журналистер емес. Кім киістері хал сұрасуға шыға салған ауыл адамдарына көбірек ұқсайды. Жақындағанда байқады... Жиналғандар қарт адамның қайғысына ортақтасып келгендер екен. Бұл кеш қалыпты. Түнімен немересін қойнына

алып жатқан қарт таңертең көз жазып қалғанына шыр-пыр. – Неге өйтті? Қалай бұл әрекетке барды, бәйбімем! Таңертең екі сиырымды айдап ауыл шетіне кете қойып едім. Келсем, тұра сарайдың алдында асылып тұр... “Жалғызым-ау, жоқтаушым-ау” деп көмсендеп жылаған қарт бір уыс болып шөгіп қалғандай. Ауыл халқы бала өз өлімімен өлді ме, жоқ біреу өлтірді ме, ойланып жатқан жоқ. Кішкентай Вованы арқаннан ажыратып, төрі үйге жатқызып қойыпты. Осы аз ғана тәжірибесінде асылып өлген екі адамды көргені бар. Екеуінің де аларып кеткен көзін жаба алмай, аузына асылмаған тілімен айсырып кеткен еді. Ал мына баланың бет-әлпеті оларға мүлде ұқсамайды. Кәдімгі ұйықтап кетіп, оянай қалған адамдай... Сыртқа шыққан соң бірден криминалистерге қоңырау шалып, Жетен Естайұлын толық хабардар еткен Жанат әріптестері келгенше көрші-қоланды сөзге тартып көрмек болған. Таң еленде жастардың ояна қоюы сирек. Мал айдаған, сыртқа шыққан адамдар күдікті ештеңе байқамады ма екен? Өзара әңгімелесіп тұрған топқа жақындады. Шағын ауылдың халқы мұның кім екенін біліп те үлгерген екен. Бұл сұрақ қойып еді, бәрі бірден ұзын сарыға қарап, иек қаққандай болды. Ол да өзіне назар аударар сәтті күтіп тұрған сияқты, бірден: – Мен бөтен адамдарды көрдім, екі жігіт... Ауылға кіре сала, бірден осы үйдің алдына тоқтады... Тілі сақау жігіт ойын жинақтай алмай, бірді айтып, бірге кетіп бара жатқан соң Жанат: – Асықпаңыз! Бәрі ретімен айтыңыз, – деп тыйып тастады. – Сонымен сіз екі күдікті адамды көрдіңіз, солай ма? – Иә, қара көк «мерседес» мінген.

Жылтырап тұр. Бірақ олар көлікті анаау тұсқа қойып, жаяу келді. – Олар бізден Вованың үйі қайда деп сұрады ма? – Жоқ, – «Мынау Абай көшесі ме? 21-үй қайда?» – деп сұрады. Мен қарияның үйін көрсеттім, олар ішке кіріп кетті. Үйде күл бөгелген жоқ, 15 минут па, жоқ, 20 минут па болды. Содан кейін көліктеріне отырып қалаға қарай кетті. – Екі жігітті көрсеніз танысыз ба? – Өрине, танимын! Тек көліктің номерін байқай алмадым. Алыста тұрды. Сөйтсем, Алексей жатпап алыпты. Леша, жаңағы номерді айтып берші мына жігітке, – деді сосын шетте тұрған жас жігітке қарап. Онысы да өзіне кезек қашан тиер екен деп тұр екен, лыпып келіп бір тілім

қағазды Жанаттың қолына ұстата қойды. 818 LTR. Қайдан көрді бұл номерді? Әріптестеріне қоңырау шалған Жанат өзіне белгілі номердің иесін шұғыл анықтауды өтінген. Ар жақтан жауап берген Тоқтар елең ете қалды. «Ол Олег Кисилевтің көлігінің номері ғой. Қара мерседестікі». Осыдан кейін-ақ неше күннен бері шешілмей келген істің түйіні тарқатылып сала берген.

* * *

Бір үйде екі ұл: бірі – еңбекжор, екіншісі – жалқау. Кисилевтер отбасындағы екі ұлдың мінезі мен әрекеті тіпті үйлеспейтін. Кішісі болған соң Олгекке өбектеген ана үлкенінің еңбек етіп, отбасын асырағанын ерсі санамайтын. Еркелету естіні есейтеді, ессізді есіртеді. Есірген Олег есепсіз ақшаға мастанып, құмар ойындарға үйір болып алды. Бұл ақша сұрағанда анасы да қолын қақпайды, шешесінің көңіліне келеді деп ағасы да жоқ дей қоймайды. Тек соңғы уақытта жеңгесі артық сөйлейтінді шығарған. Оның да «емі» табылды. Ағасының хатшымен шүйрелесіп отқан бір ыңғайлы сәтін әдемілеп түсірді де, жеңгесінің телефонына сарт еткізді. Қайдан жау табарын білмей үйде аласұрып отырған әйелге оған артық не керек? Күйеуінің ақталғанына қарамай, алысты да кетті. Бұл да барынша ұшықтырып бақты.

Ақыры ажырасуға бел буған әйел екі баласын жетектеп үйден кетіп тынды. Тура айтпаса да, ағасы әйелі екеуінің арасына кім түскенін тұспалдап біледі. Содан болар, ақша беруін де азайтқан. Ал алдыңғы ойындарда қолы жүрмей, қарызға белтесінен батып кеткен Олгекке ақша табу керек! Ағасы ақшаны үйдегі сейфте сақтамайды. Банктегі шотын бұған оңайшылықпен айта салмасы тағы анық. Не істеу керек? Досымен бірге жоспар құрған жігіт сол күні Александрды алдап қала сыртына алып шықты. Інісінің: «Қарызым бастан асты. Өзің сөйлеспесең, мыналар мені тірідей түзіп жейді!» – деген сөзіне Александр

көміп сенген. Ол үшін үйреншікті жағдай. Бұған дейін де жақынын мәселесін бірнеше рет шешкен кәсіпкер үзде етілген жерге жұмыстан шыға сап барды. Діттеген жерге Олегтің көлігімен жеткен Александр еш қауіп ойламаған. Қамсыз отырған кәсіпкер артағы жігіт мойнына жіпті тастап жіберіп шірене тартқанда ғана көзі қарауытып, ауа қарманып, өліммен барынша алысып барды. Бірақ, екеуі қойсын ба? Алдымен «көміткі» есінен тандырған қорқаулар арқаша сейф не еспешот немірі қолға тигенше қинады. Ал қажетті кодтарды білген соң, Александрды қайта қылқындырған. Қолы мұлт кеткен екен. Енді түнгі клуб жағалап, Серік Болатұлының тартпасындағы қолқатты ұрлағаннан да, шыншақтай баланы шырылдап тұншықтырғаннан да пайда жоқ!

– Олег, бүгін дәрігерлер ағаныңыздың жағдайы жақсарып келе жатқанын, ақырындап қол-аяғын қимылдатып, сөзді толық түсіне бастағанын айтты. Ертең жақын адамыңыздың бетіне қалай қарайсыз? – Менің халімді құмар ойыңа берілген адам ғана түсінеді... – Ал кішкентай баланың жазығы не? Содан үміт күтіп отырған қарт кісіні де тірідей өтіріп кеткендеріңді білесіңдер ме? – Сыйрдың сонында кетпегенде, ол да тірі қалмас еді... Төбеге қарап тілісіз қалған Олег бір кезде: – Білесіз бе, бұрын менің түсіме тек карта ойнап жатқанын кіретін. Қартаны «сызы» жатам. Кейде қарызын сұрап, кеңірдегіме жармасқан ойыншыларды көретінім бар. Бұған әбден етім үйренген соң ба, мұндай түстерді елең қыла бермеймін.


... Ал кешелі бері тамұқтан жеткен бір ұн маза бермейді. Баланың шотын бұған басталған сол дауыс артында ұйықтап жатып тыпырлаған Вованың үніне ұласады. Шынымды айтсам, кіп-кішкентай бала өмір үшін сонша арпалысады деп

ойлаппын. Өлде өзім босандық таныттым ба? Кейін жастыты алып жүзіне қарасам, арпалыстың бір белгісі жоқ. Алансыз ұйықтап жатқан сияқты. Өлді деген ағам тірі табылған соң мына баланы да кеңірдектен ала кеткем. Былқ-сылқ етеді, тіпті, маған жымылп тұрғандай... Өне, ол тағы да тура алдыма келіп тұр. Бастық, сізге көрінбейді, а? Көріп тұрған жоқсыз ба? Осы мен қынданған шығармын...

Нұрлан ШЫНТАЕВ
Соңы. Басы өткен санда

ТАМҰҚТАН ЖЕТКЕН ҮН

жәрдем» шақыр- дық. Ал ана «кобра» немерелерін де көрсетпей, тым-тырыс отыр. Оған ағамның аяқтан тұрғаны емес, тезірек өлгені керек болып тұр ғой! Бастырмалата сөйлеген Олег жеңгесін біраз жерге апарып тастады. Тіпті, қастандыққа қарыз алған кәсіпкер ғана емес, жеңгесі де киәлі болуы мүмкін дегенді шегелеп айтты. Іштартта сөйлеген жігітке жаны ашылған Тоқтар: – Өзірге асығыс шешім қабылдамай тұра тұрыңыздар! Ағаныз



ДӘСТҮРАІ СПАРТАКИАДА



Назарбаев зияткерлік мектебінде шахмат айрықша қызығушылық танытатын оқушылардың дәстүрлі спартакиадасы өтіп, тақта үстіндегі таңғажайып ойынның мықтылары анықталды. Дәстүрлі турнирге шахмат федерациясының аға жаттықтырушысы Асылхан Қараев қатысып, ойыншылардың деңгейін бақылады.

Үш күнге созылған жарыстың командалық нәтижесінде елордадағы физика-математика бағытындағы NIS құрамасы чемпиондық атаққа ие болды. Алматыдағы физика-математика бағытындағы зияткерлік мектептің жас шахматшылары күміс жүлдені еншілесө, үздік үштікті Семей қаласындағы NIS командасы қорытындылады. Жекелей ойында сыңа түскен шахматшылар арасында бірінші орынды елордадағы халықаралық бакалавриат мектебінің намысын қорғаған Бексұттан Молдағали және Семей қаласынан Тоғжан Қарібәева иеленсе, 10-12 сыныптар арасындағы сайыста жеңіс атыраулық Ибрагим Ғалымжанұлы пен Алматыдағы физика-математика бағытындағы NIS оқушысы Елдана Қалиахметке бұйырды.

Ең жас ойыншылар арасында Кекештаудағы Зияткерлік мектептің спортшысы Алғабай Құрмантас пен астаналық Амина Дүйсенова жеңімпаз атанды.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Жаңақорған ауданында «Балалар жылына» орай үстел теннисінен 10-14 жастағы жасөспірімдер арасындағы ашық біріншілік ұйымдастырылды.

Тартысты долада үздік нәтиже көрсеткен Қызылорда облысының № 4 олимпиадалық резерві мамандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің құрама командасы І орын алды. II орынға Жаңақорған ауданының құрама командасы орналасса, III Теменарық ауылдық оқу орыны командасына бұйырды.

Сондай-ақ Қызылорда облысы құрама командасының бапкері Ернар Ырбай «Үздік жаттықтырушы» номинациясымен марапатталды.

Мұнан бөлек, кейбір жеке ойыншылар «Ең жас ойыншы», «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды. Жарыс қорытындысымен жүлделі орындарға ие болған 7 үздік ойыншы Алматы қаласында өтетін турнирге жолдама алды.

«ҚАЙРАТ» ТӨРТТІК ФИНАЛҒА ШЫҒА АЛМАДЫ



Футзалдан Қазақстанның 19 дүркін жеңімпазы, Чемпиондар лигасында екі мәрте топ жарған Алматының «Қайраты» қатарынан екінші жыл «Төрттік финалға» шыға алмады.

Былғы Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде Португалияның «Бенфика», Мальтаның «Люксол Сент-Эндрюс» және Чехияның «Хрудим» командаларымен бір топта өнер көрсеткен қазақстандық клуб бірде-бір ойында жеңіске жете алмай, жанкүйерлерін жерге қаратты. Бірінші турда «Люксол Сент-Эндрюспен» тең түскен (0:0) «Қайрат» екінші және үшінші турда «Хрудим» мен «Бенфикадан» 2:1 есебімен жеңіліп қалды.

Сөйтіп, үш ойында небәрі бір-ақ ұпай жинаған алматылық ұжым өз тобында соңғы орында қалып қойды. Ал екі ойында жеңіске жетіп, біреуінде ұпай бөліскен «Бенфика» 7 ұпаймен турнирдің финалдық сатысына жолдама алды.

Хабарландыру

2022 жылдың 07 желтоқсанында сағат 11:00-де Қызылорда қаласы Номад палас кешенінің конференция залында «Қызылорда облыстық футбол федерациясы» заңды тұлғалар бірлестегінің зексетен тыс конференциясы өткізілетінін хабарлаймыз.

Бөтті дайындаған: Ерасыл ШӨРБЕК

Катардағы әлем чемпионатының топтық кезеңі аяқталуға жақын. Плей-оффқа жолдама алған клубтар бірте-бірте анықталуда. Ұпайдан шашу шығармаған Франция құрамасы Данияны 2:1 есебімен жеңіп, алғаш болып жолдамаға иелік өтті. Ал «А» тобында жағдай әлі шиеленісіп тұр. Нидерланды, Эквадор және Сенегал командаларының мүмкіндігі бар.

Жарыс қожайыны Қатар құрамасы үшінші турда жай ғана көрермен үшін ойнайды. Себебі 0 ұпаймен жарысты одан әрі қарай жағастыра алмасы белгілі. Соңғы матчта Нидерланды құрамасын жеңген күннің өзінде турнирлік кестеде жоғары көтеріле алмайды. Эквадор мен Сенегал құра-

ойында плей-офф кезеңіне жолдама алған



расымен де, 4 ұпаймен көш бастап тұрған бұл команда Уэльске ірі есеппен жеңіліске болғаны. Тең нәтиженің өзі де жеткілікті. Бұл топта соңғы турда Иран мен АҚШ кездеседі. Осы бір матчта екінші команданың есімі белгілі болуы тиіс. Уэльс Англияны 5 доп айырмасымен жеңеді дегенге сену қиын. Сондықтан да ағылшындар плей-оффта түр дей берсек болады.

бұл матчта тең нәтиже жеткілікті. 5 ұпаймен олар кем дегенде 2 орын алып, келесі кезеңге өте алады. Демек, соңғы турда Польша қорғанысқа жатып, Аргентинаға гол салдыртпауға тырысады. «D» тобында Франция келесі кезеңге өтіп қойған. Екінші команда кім болады? Ол Аустралия – Дания ойынында белгілі болады. Данияға жеңіс керек, ал

ӘЧ: ЖОЛДАМАҒА ТАЛАС ҚЫЗА ТҮСТІ



команданың есімі белгілі болады. Нидерланды командасы Катармен тең ойнаған жағдайда да плей-оффқа жолдама алады. Сондықтан «қызылдар» құрамасы плей-оффқа жолдама алады дей берсек жарасады. «B» тобындағы Англияға да келесі кезеңге шығарып қойғандар бар. Иә

«C» тобында 4 ұпай жинап бірінші орында тұрған Польшаның келесі кезеңге өтуі әлі де неғайбыл. Соңғы турда поляктар Аргентинамен кездеседі. Азулы Аргентинада 3 ұпай. Оларға да жеңіс қажет. Топтағы тағы бір матч Сауд Арабия – Мексика ойыны да тартысқа толы болады. Себебі бұл екеуінің де плей-офтан дәмесі зор. Қатты шиеленісіп тұрған топта дәл қазір нақты бірдеңе деп айту қиын. Тек Польша құрамасына

аустралиялықтар тең ойнаса да жетіп қалады. Оның үстіне Тунис құрамасы Францияны жеңбеуі тиіс. «E» тобында барлық команданың нәтижелері бірдей болуы мүмкін. Ол үшін Германия мен Испания 1-1 есебімен тең тарқасты. Жапония ойламаған жерден Коста Рика құрамасына жол берді. Ал дәл қазір бұл топ туралы сараптама жасауға ерте.

МҰНАЙ ҺӘМ МҰНДАЛЫ

Футболдан қыс мезгілінде алғаш рет ұйымдастырылып жатқан әлем чемпионатының тосын сыйы өте көп. Жалпы төрткүл дүние көз тіккен чемпионатты тікелей тамашалау екінің біріне бұйырмайтын бақ. Биыл әлемдік аламанға аттанған қазақстандықтар да аз емес. Соның бірі – Ермұхамед Мәулен. Белгілі болғанынша, Катар жайлы толғанысын оқырман назарына ұсынамыз.

Әлем чемпионатын өткізу құқығына ие болғанда көптеген футбол федерациялары таң қалысты. Бұл қалай деп? Өзі футболды керемет жақсы көретін ел емес, футбол командалары керемет нәтижелерге қол жеткізіп жатқан жоқ. Онда оларға бұл біріншіліктің не көрегі бар дейсіз ғой? Тіпті Катар 2022 жылғы мундиальді жеңіп алғаннан кейін ФИФА басшылығының біршамасы тергеуге алынып, пара алуы

ықтимал деген күдікпен ұсталды. Бірақ, амал жоқ, чемпионатты 11 жыл бұрын жеңіп алған мемлекеттің қазір осы жарысты өткізіп жатқан жайы бар.

Катар шейхтері соңғы кездері футболға қатты қызығып жатыр. Олардың ірі компаниясының бірі алдымен Бельгияның «Эйпен» деген клубымен келісімге отырады. Сосын Шейх Мансур әл-Халиафи ПСЖ командасын түгел өз қарамағына алды. Ал Катар мемлекетінің атын әлемге шығарып жүрген «Qatar Airways» компаниясы «Барселона» футбол клубының бас демеушісі. Англия жеріндегі клубтарға да олардың тікелей қатысы бар екенін «Манчестер Сити» фанаттары жақсы біледі. «Qatar Foundation» компаниясының атын да көзқарасты жанкүйерлер әлемнің бірнеше мықты клубының жеңідесінен тамашалаған да шығар.

Әлем футболының тарихында болмаған

сомаға чемпионат өткізіп жатқан Катар мемлекеті болашақты ойлап отыр. Біріншіден мұндағы стадиондар осы мемлекеттің құнды жәдігері болып қалады. Инфрақұрылым пайда болып елде осы спорт түрін кеңінен насихаттауға мүмкіндік туады. Одан бөлек бұл стадиондарды өзге де мақсаттарға пайдалануға болады. Әлем чемпионатының арқасында Катар деген мемлекетті бүкіл жер жаһаны естіді. Жарыстың шартарапты шарлап кеткені айдаң анық. Мұнда салынған қонақүйлер мен демалыс орталықтары қазірдің өзінде миллиондаған адамды қабылдап жатыр. Чемпионат аяқталған соң бұл қызмет көрсету орталықтарының бағалары күрт арзандап, қалың нәпір турист қабылдауға дайындалады. Себебі туризм саласы соңғы жылдары өте көп пайда әкелетін салаға айналып отыр. Катар шейхтері ел

болашағын қазірден бастап ойлап отыр. Мұнай бағасы арзандап немесе оның қоры таусылған күні Катар азаматтары қиын жағдайға түсіп қалмас үшін сол мұнайдан қалған ғимараттар мен туризм базасына айналған инфрақұрылым керек.

Катардағы футбол тобы сол үшін қажет. Ғаламат жарнама мен инфрақұрылымға кеткен қаржы өлсіз өзін ақтамасты анық. Демек, бұл болашақтың жобасы деп қабылдаңыз. Сол үшін Катар мемлекеті бұл мундиальді өткізу құқығына қатты таласты. Алайда, жергілікті билік араб елдеріне тең ұстанымдардан тайынбады. Ислам дінінің негізгі қағидалары тапталмауын қадағалады. Әлемнің әр түрлі елдерінен келген жанкүйерлер сыра ішіп, қыз-қырқынға қырындай алмайды. Бір жаныстылардың махаббатын жарнамалауға тыйым салынған. Аргентина мен

Бразилиядан келген жанкүйерлер дегенімен өз денгендерінде карнавал ұйымдастырып, ырымын жасап жүр. Сырасыз футбол қарай алмайтын Мексика жанкүйерлері өзге бір әлемге келгендей таңырқауда. Трибуна былай тұрсын, стадион аумағында темекі тартуға да тыйым салынған. Еуропалық фанаттар оған да көңілге бастады. Жалпы алғанда, 2022 жылғы Әлем чемпионаты қатардағы я өзгеше етуде.



